СанПин жұмысшының шаршауына жол бермеу үшін 45-60 минут бойы жұмыс істеген соң 10 минуттан 15 минутқа дейін үзіліс жасауды ұсынады. Үзіліс тиімділігі өндірістік гимнастикасымен немесе ыңғайлы жұмсақ жиһазбен, аквариуммен, жасыл аймақпен және т. б. персоналдың демалуына арналған арнайы бөлмені ұйымдастырумен бірге артады.

Ыңғайлы жұмыс үшін үстел келесі шарттарды қанағаттандыруы керек:

- монитордан көзге дейінгі қашықтық 600-ден 700 мм-ге дейін, бірақ 500 мм-ден кем болмауы тиіс;
- жұмыс бетінің биіктігі 680-760 мм шегінде ұсынылады.
- пернетақта орнатылған беттің биіктігі 650 мм-ге жуық болуы тиіс.
- орындықтың ұсынылатын биіктігі еден деңгейінен 420-550 мм шегінде болады.

- орындықтың беті жұмсақ, алдыңғы шеті дөңгелектелген, ал арқаның көлбеу бұрышы реттелетін.

- үстелдің конструкциясында жылжымалы жәшіктердің болуы

Қарастырылып отырған дипломды жұмыстың тақырыбы: қысқаша тұйықталған роторлы асинхронды қозғалтқышты есептеу болғандықтан, электр қозғалтқыштармен жұмыс жасаған кездегі техника қауіпсіздік ережелерін айта кеткен жөн.

Электр қозғалтқыштармен жұмысты ІІІ – тен төмен емес біліктілік тобы бар арнайы оқытылған адам жүргізеді. Бұл ретте келесі сақтық шараларын сақтау қажет:

- бас киімде және арнайы жұмыс киіммен жұмыс жасау.
- қозғалтқыштың айналатын бөліктерінен сақ болу.
- жұмыс барысында диэлектрлік галоштарды немесе резеңке кілемшелерді пайдалану.
- Жерлендіруді тексеру
- екі полюстің ток өткізгіш бөліктеріне немесе ток өткізгіш және жерге тұйықтау бөліктеріне бір мезгілде қолмен тигізуге болмайды.

Компьютермен жұмыс істеу алдында электр сымдардың тоқ көздерінің қалпын, жерлендіруді тексеру.

Жұмыс кезінде:

- сымдарды ұқыпты ұстау керек;
- компьютер тоқ көзіне қосылып тұрған кезде оны тазалаумен айналысуға болмайды;

- компьютермен қатар сұйықтықты қоюға, сондай-ақ дымқыл қолмен жұмыс істеуге болмайды.

Апаттық жағдайларда:

- кез келген ақаулар кезінде дербес компьютерді желіден бірден ажырату қажет;

- оқшауланбаған сымдар табылған жағдайда барлық және сыммен байланыс жасамауға қызметкерлерді дереу хабардар ету;

- адам токпен зақымданған жағдайда алғашқы көмек көрсетіп, жедел медициналық көмек шақыру;

- өрт шыққан жағдайда өрт сөндіргіштерді пайдалана отырып, оны сөндіру жөнінде шаралар қабылдау (қызметкерлер олардың қайда орналасқанын білуі тиіс)).

Жұмыс аяқталғаннан кейін:

- компьютерді сөндіру;

- жұмыс орнын ылғалды тазарту қажет;

- тоқ көзін сөндіру.

3.2 Жарықтандыруды есептеу

3.2.1 Табиғи жарықтандыруды есептеу

Табиғи жарықтандыру терезеден бүйірлік жарықтану, терезе және шам арқылы бір уақытта іске асырылады. Бұл жарықтанудың түрі табиғи жарықтандыру еселеуішімен (ТЖЕ) арқылы сипатталады.

Кеңсе бөлмесінің өлшемдері:

ұзындығы $L=6$ м;

ені: $B=5$ м;

биіктігі: $H=3$ м;

Еден деңгейінен жоғары жұмыстық беттің биіктігі: $h_{ж.б} = 0,8$ м терезенің үстіне дейін $h_{ж} = 0,7$; терезе биіктігі $h_T = 2$;

Қабырғадан жарықтандыру кезінде жарықтың терезелердің ауданын S_0 , ТЖЕ қалыптасқан мәндерін қамтамасыз етуін кейәптеме бойынша анықтау:

$$S_T = \frac{S_e \cdot e_N \cdot \eta_0 \cdot K_3 \cdot K_{зд}}{100 \cdot \tau_0 \cdot r_1} \quad (3.1)$$

мұндағы: S_T – қабырғалық жарықтану кезіндегі жарық ойықтарының ауданы, m^2 ;

S_e – бөлме еденінің ауданы, m^2 ;

e_N – ТЖЕ қалыптасқан мәні;

K_3 – қордың еселеуіші;

η_0 – ойықтардың жарық сипаттамасы

τ_0 – жарық өткізудің жалпы еселеуіші, ол төмендегі теңдеу арқылы анықталады:

$$\tau_0 = \tau_1 \cdot \tau_2 \cdot \tau_3 \cdot \tau_4; \quad (3.2)$$

3.3 кесте

Бөлменің түрі	Қабырғадан түсетін жарық ТЖЕ, %
Кеңсе	1,2

3.4 кесте - K_3 мәні

Бөлменің түрі	K_3
Кеңсе және жоғары дәлдігі, III а	1,2

3.5 кесте – Жарық өткізу еселеуіштерінің мәндері

Жарық өткізгіш жабдықтың түрі	τ_1	Өткелдер түрі	τ_2	Құрылғы жабудың өткізетін түрі	τ_3	Күннен қорғау құрылғылар	τ_4
Үш қабаттық терезе	0,75	Ағаш жақтауы қос бөлек	0,6	Болатты пішін	0,9	Реттелетін пердеше	1

3.6 кесте – Жарық климатының коэффициенті, m ;

Әкімшілік аудан	m
Алматы	0,75

Кестелердегі мәндерді пайдаланып, келесілер есептелінеді:

Өртүрлі аудандарда орналасқан ғимараттар үшін ТЖК – нің нормалық мәні төмендегі формула бойынша анықталады:

$$e_N = e_H \cdot m; \quad (3.3)$$

$$e_N = 1,2 \cdot 0,75 = 0,9.$$

Есептік биіктік:

$$h_e = h_T + h_{ж} - h_{ж.б} = 2 + 0,7 - 0,8 = 1,9 \text{ м.} \quad (3.4)$$

$l = B - 1 \text{ м} = 5 - 1 = 4 \text{ м}$; кезінде кесте бойынша ойықтардың жарық сипаттамасын табылады: $\eta_0 = 6$.

Жалпы жылу еселеуіші анықталады:

$$\tau_0 = 0,75 \cdot 0,6 \cdot 0,9 \cdot 1 = 0,4.$$

Қабырғалық жарықтандыру үшін r_1 коэффициенті келесідей анықталады:
 Біріншіден бөлме тереңдігінің шартты жұмыс бетінің деңгейінен терезенің үстіне дейінгі қатынасы:

$$\frac{l}{h_e} = \frac{4}{1,9} = 2,1 \text{ м.} \quad (3.5)$$

Бөлме тереңдігінің бөлме еніне қатынасы:

$$\frac{l}{B} = \frac{4}{5} = 0,8 \text{ м.} \quad (3.6)$$

Бөлме ұзындығының оның тереңдігіне қатынасы:

$$\frac{L}{l} = \frac{6}{4} = 1,5 \text{ м.} \quad (3.7)$$

Еденнің ауданы:

$$S_e = L \cdot B = 6 \cdot 5 = 30 \text{ м}^2. \quad (3.8)$$

Қабырғалардың ауданы:

$$S_k = 2 \cdot B \cdot H + L \cdot B = 2 \cdot 5 \cdot 3 + 6 \cdot 5 = 60 \text{ м}^2. \quad (3.9)$$

Төбенің ауданы кезінде төбенің, қабырғалар мен еденнің $\rho_{ст}$ шағылуының орташа өлшенген коэффициентінің шамасы:

$$\rho_{ст} = \frac{(70 \cdot 30 + 50 \cdot 60 + 10 \cdot 30)}{(30 + 60 + 30)} = 45\%;$$

$$r_1 = 1,5.$$

Қарама-қарсы ғимарат келесі қашықтықта орналасқан: $P = 30 \text{ м}$; $H_f = 30 \text{ м}$.

$$\frac{P}{H_f} = \frac{30}{30} = 1.$$

Кесте 3.7 – $K_{зд}$ мәні

Р:Н	$K_{зд}$
1	1,4

Терезе ойықтарының ауданы келесі формула бойынша анықталады:

$$S_T = \frac{S_e \cdot e_N \cdot \eta_0 \cdot K_3 \cdot K_{зд}}{100 \cdot \tau_0 \cdot r_1} = \frac{30 \cdot 0,9 \cdot 6 \cdot 1,2 \cdot 1,4}{100 \cdot 0,4 \cdot 1,5} = 4,54 \text{ м}^2.$$

Терезенің ұзындығы:

$$l_{\text{терезе}} = \frac{S_T}{h_T} = \frac{4,54}{2} = 2,27 \text{ м.} \quad (3.10)$$

$l_{\text{терезе}} < L_6$, $2,27 < 6$ терезенің ұзындығы оқу сыныбынан аз.

3.2.2 Жасанды жарықтандыруды есептеу

Кеңсе үшін ұзындығы $A=6$ метр, ені $B=5$ метр, биіктігі $H=3$ м болатын, ақ қабырғалы бөлменің жалпы жарықтандыруы есептелінеді. Шағылысу коэффициенттері: төбеден – $\rho_{\text{төбе}} = 70\%$, қабырғадан – $\rho_{\text{қабырға}} = 50\%$, еденнен – $\rho_{\text{еден}} = 10\%$. Қоректендіру кернеуі $U = 220$ В; Жарық диодты ARS/S UNI LED 600 EM типті 30 Вт қуаттылықтағы шамы алынды. Жарық ағыны $\Phi_{\text{ш}} = 3000$ лм. Қор коэффициенті жарық диодты шамдар үшін $k_{\text{қ}} = 1,1$ Шамдардың іліну биіктігі: $h_{\text{ш}} = 0,2$ м, еден деңгейінен жұмыс кеңістігінің биіктігі - $h_{\text{ж}} = 0,8$ м.

Жарықтануды жарық ағынының пайдалану коэффициенті әдісімен есептеу.

Жұмыс бөлмесі үшін көлденең беттің жалпы біркелкі жарықтануын қарастырғанда жарықтану жарық ағынын пайдалану коэффициенті әдісімен есептеледі.

Есептік биіктігі келесіге тең:

$$h_e = H - (h_{\text{ж}} + h_{\text{ш}}) = 3 - (0,8 + 0,2) = 2 \text{ м.} \quad (3.11)$$

Шамдардың өзара орналасу қашықтығы: $\lambda = 0,6 \div 2$:

$$L = \lambda \cdot h. \quad (3.12)$$

Ұзындығы: $L_A = 1 \cdot 2 = 2$ м;

Ені: $L_B = 1,25 \cdot 2 = 2,5$ м.

Қабырғадан шамға дейінгі қашықтықты есептейміз:

$$l = (0,4 \div 1) \cdot L;$$

$$l_A = 0,5 \cdot L_A = 0,5 \cdot 2 = 1 \text{ м};$$

$$l_B = 0,5 \cdot L_B = 0,5 \cdot 2,5 = 1,25 \text{ м}.$$

Бөлме индексі келесі формула бойынша анықталады:

$$i = \frac{A \cdot B}{h \cdot (A + B)} = \frac{6 \cdot 5}{2 \cdot (6 + 5)} = 1,36. \quad (3.13)$$

Кесте бойынша ; Жарық диодты ARS/S UNI LED 600 EM типті шамы үшін пайдалану коэффициенті таңдалады $\eta = 0,69$. Осылайша шамдар саны келесіге тең:

$$N = \frac{E \cdot k_k \cdot S \cdot Z}{\Phi_{ш} \cdot \eta}; \quad (3.14)$$

мұндағы: E - белгіленген минималды жарық, лк, кеңсе бөлмесі үшін $E_H = 300$ лк;

k_k – қор коэффициенті, $k_k = 1,1$;

S – бөлме ауданы, м²;

$$S = A \cdot B = 6 \cdot 5 = 30 \text{ м}^2. \quad (3.15)$$


Z – жарықтанудың біркелкі еместігін ескеретін коэффициент ($Z = 1,1 \div 1,2$);

$\Phi_{ш} = 3000$ лм ARS/S UNI LED 600 EM шамының жарық ағыны.

Сонда:

$$N = \frac{300 \cdot 1,1 \cdot 30 \cdot 1,2}{3000 \cdot 0,69} \approx 6 \text{ дана}.$$

Нүктелік әдіспен жарықтануды есептеу



3.1 сурет - Берілген мәндер бойынша жарық шамдардың орналастыру сұлбасы

3.1 сурет бойынша көлденең беттегі А нүктесіндегі жарықтануды анықтау талап етілсін.

Жалпы жарықтандыруды анықтау үшін келесі бұрыштарды табу қажет. Бұрыштарды анықтау келесідей жүзеге асады:

$$\operatorname{tg} \alpha = \frac{d}{h_e} \quad (3.16)$$

3.1 сурет бойынша бір нүктені таңдалып және осы нүктеден әр шамдарға дейін арақашықтық есептелінеді.

1, 2, 4, 5 шамдар үшін А нүктесінен есептеу:

$$d_1 = \sqrt{\left(\frac{L_B}{2}\right)^2 + \left(\frac{L_A}{2}\right)^2} \quad (3.17)$$

$$d_1 = \sqrt{\left(\frac{L_B}{2}\right)^2 + \left(\frac{L_A}{2}\right)^2} = \sqrt{\left(\frac{2,5}{2}\right)^2 + \left(\frac{2}{2}\right)^2} = 1,6 \text{ м};$$

$$\alpha_1 = \operatorname{arctg} \left(\frac{1,6}{2}\right) = 38^\circ.$$

3000 люмендағы ағын үшін жарық күші $\alpha = 38^\circ$ бұрышында $I_{\alpha_1} = 190$ қд.

Жарықтану келесіге тең:

$$E = \frac{I_{\alpha} \cdot \cos^3 \alpha}{h_e^2}; \quad (3.18)$$

$$E = \frac{190 \cdot \cos^3 38}{2^2} = 23,24 \text{ лк.}$$

3, 6 шамдары үшін:

$$d_2 = \sqrt{\left(\frac{L_B}{2}\right)^2 + \left(\frac{L_A}{2} + L_A\right)^2}. \quad (3.19)$$

$$d_2 = \sqrt{\left(\frac{L_B}{2}\right)^2 + \left(\frac{L_A}{2} + L_A\right)^2} = \sqrt{\left(\frac{2,5}{2}\right)^2 + \left(\frac{2}{2} + 2\right)^2} = 3,25 \text{ м;}$$

$$\alpha_2 = \arctg\left(\frac{3,25}{2}\right) = 58^{\circ}.$$

3000 люмендағы ағын үшін жарық күші $\alpha = 58^{\circ}$ бұрышында $I_{\alpha 2} = 90$ кд.

Жарықтану келесіге тең:

$$E = \frac{90 \cdot \cos^3 58}{2^2} = 3,34 \text{ лк.}$$

Сонда А нүктесіндегі жарықтанудың қосындысы:

$$\sum e_i = 4 \cdot 23,24 + 2 \cdot 3,34 = 99,64 \text{ лк.}$$

Жарықтылық мәнін келесі өрнек бойынша есептеледі:

$$E = \frac{\Phi_{\text{ш}} \cdot \mu \cdot \sum e_i}{1000 \cdot k_{\text{к}}}. \quad (3.20)$$

мұндағы: $\Phi_{\text{ш}}$ - берілген шамдардың жарық ағыны, лм;
 μ - істен шыққан шамдарды ескеретін коэффициент, $\mu = 1,12$
деп алынады;

$k_{\text{к}} = 1,1$ - қор коэффициенті.

$$E = \frac{3000 \cdot 1,12 \cdot 99,64}{1000 \cdot 1,1} = 304,35 \text{ лк.}$$

Егер $E > E_H$ шарты орындалса, онда жұмыс орнындағы жарықтану жеткілікті деп есептеледі. $E > E_H = 304,35 > 300$ шарты орындалды.

3.3 Ауа кондиционерлеудің есептеу жүйесі

Температураның айырмашылығын қарастыра отырып жылуөткізгіш мына формуламен есептеледі:

$$Q_t = V_{\text{БӨЛ}} \cdot X_0 \cdot (t_{\text{Сырт.есеп}} - t_{\text{Іш.есеп}}). \quad (3.21)$$

мұндағы: $V_{\text{БӨЛ}}$ – бөлменің көлемі;
 X_0 – жылулық сипаттама;
 $t_{\text{Сырт.есеп}}$ – сыртқы ауаның температурасы, шілде айының орташа температурасына сәйкес Алматы қаласының $t_{\text{Нрасч}} = 27,5^{\circ}\text{C}$;
 $t_{\text{Іш.есеп}} = 24^{\circ}\text{C}$ – ішкі (оптимальді) температура.
 Бөлменің көлемі келесі формула бойынша анықталады:

$$V_{\text{БӨЛ}} = S_{\text{БӨЛ}} \cdot h_{\text{БӨЛ}}. \quad (3.22)$$

$$V_{\text{БӨЛ}} = S_{\text{БӨЛ}} \cdot h_{\text{БӨЛ}} = 30 \cdot 3 = 90 \text{ м}^3;$$

Жылулық сипаттама:

$$X_0 = 0,42 \frac{\text{Вт}}{(\text{м}^3 \cdot ^{\circ}\text{C})}. \quad (3.23)$$

Сонда жылуөткізгіш келесіге тең болады:

$$Q_t = 90 \cdot 0,42 \cdot (27,5 - 24) = 43,54 \text{ Вт.}$$

Кеңсе бөлмесіне күн сәулесі түскендіктен жылуөткізгіштік терезеден мына формуламен есептеледі:


$$Q_{\text{терезе}} = q^{II} \cdot F_0 \cdot \beta_{\text{сз}} \cdot K_1^T \cdot K_2; \quad (3.24)$$

мұндағы: q^{II} – жылу ағыны терезенің орналасуына байланысты (солтүстік) $q^{II} = 40,6 \text{ Вт/м}^2$
 F_0 – жарықтың өту ауданы:

$$F_0 = n \cdot H_0 \cdot B_0 = 2 \cdot 3 \cdot 2 = 12 \text{ м}^2. \quad (3.25)$$

мұндағы: $n = 2$ – терезе саны;
 $H_0 = 3$ м – терезенің биіктігі;
 $B_0 = 2$ м – терезенің ұзындығы;
 $\beta_{сз}$ – жылуөткізгіш коэффициенті, себебі терезелерге перделер қойылған, онда $\beta_{сз} = 0,8$;
 K_1^T – қарыңғалау коэффициенті $K_1^T = 1,15$;
 K_2 – терезелердің кірлеу коэффициенті $K_2 = 0,9$;
Сондықтан:

$$Q_{\text{терезе}} = 40,6 \cdot 12 \cdot 0,8 \cdot 1,15 \cdot 0,9 = 403,40 \text{ Вт.}$$



3.2 сурет - General Climate GC/GU-A18HR суытқышы.

Бөлменің ішкі жылуы есептелінеді.
Адамдардан берілетін жылуды мына формуламен есептелінеді:

$$Q_{A^0} = Q_{1A^0} \cdot n; \quad (3.26)$$

мұндағы: Q_{1A^0} – бір адамнан жеңіл жүктеме жұмыс істеген кездегі сыртқа бөлінетін жылу мөлшері : $Q_{1A^0} = 132 \text{ Вт}$
 $n = 3$ – бөлме ішіндегі адам саны.

$$Q_{A^0} = 132 \cdot 3 = 396 \text{ Вт.}$$

Шамдардан берілетін жылу мына формуламен анықталады:

$$Q_{\text{жарық}} = \eta \cdot N_{\text{шам}} \cdot S; \quad (3.27)$$

мұндағы: η – жылулыққа электрлік энергияның ауысу коэффициенті, жарық диодты шам үшін $\eta = 0,6 \div 0,7$; $\eta = 0,65$ алынады;

$$N_{\text{шам}} - \text{шамның қуаты (шам саны - 6), } N_{\text{шам}} = 180 \frac{\text{Вт}}{\text{м}^2};$$

$S = 30 \text{ м}^2$ – бөлмедегі еденнің ауданы.

$$Q_{\text{жарық}} = 0,65 \cdot 180 \cdot 30 = 3510 \text{ Вт.}$$

Компьютерлерден берілетін жылу мына формуламен есептелінеді:

$$Q_{\text{комп}} = N_{\text{комп}} \cdot n; \quad 3.28$$

мұндағы: $N_{\text{комп}}$ – компьютер қуаты.

n – компьютерлер саны.

Сондықтан:

$$Q_{\text{комп}} = 3 \cdot 300 = 900 \text{ Вт.}$$

Жалпы жылу есептелінеді:

$$\sum Q = Q_t + Q_{\text{терезе}} + Q_{A^0} + Q_{\text{жарық}} + Q_{\text{комп}}; \quad 3.29$$

Сондықтан:

$$\sum Q = 43,54 + 403,40 + 396 + 3510 + 900 = 5252,94 \text{ Вт} \approx 5,3 \text{ кВт.}$$

Бөлмеге 5,3 кВт, яғни сурет 3.2 көрсетілгендей General Climate GC/GU-A18HR суытқышы орнатылады.

Осы бөлімде әзірленген барлық іс-шаралар жұмыс үшін қолайлы микроклиматты қамтамасыз етуге, еңбек жағдайларының деңгейін арттыруға, жұмыс орындарындағы травматокмді қысқартуға бағытталған.

4 Экономикалық бөлім

Дипломдық жұмыста қысқаша тұйықталған роторлы асинхронды қозғалтқыш есептеуі жүргізіледі. Қазіргі уақытта асинхронды қозғалтқыштардың нарығында әртүрлі сериялы электр жетегінің кең спектрін ұсынады. Қозғалтқыштың қандай да бір сериясын таңдау, пайдаланылатын жабдыққа, кәсіпорынның немесе жабдықтың өндірістік қуатына және технологиялық процеске байланысты болады. Нарықтық экономика ұқсас өнімнің барлық өндірушілерін тең жағдайға қойды. Нарықтағы баға тауарға сұраныс пен ұсыныс арқылы қалыптасады. Маркетингтік зерттеу деректері бойынша электр техникалық өнімге бағаның ауытқуы елеусіз, сондықтан сатып алушыны қызықтыратын негізгісі - өнім сапасы және оның өнімділігі. Бірінші жағынан, олар прогрессивті технологиялық процестерді және жоғары өнімді автоматтандырылған жабдықтарды қолдану және материалдарды үнемдеу арқылы еңбек өнімділігінің өсуін қамтамасыз ету кезінде асинхронды қозғалтқыштардың өндірісін кеңейту қажеттілігімен байланысты.

$\cos \varphi$ - асинхронды қозғалтқыштардың негізгі энергетикалық көрсеткіштердің бірі, ол электр энергиясының көздері мен желілерін пайдаланудың тиімділігін анықтайды. Жоғары болған сайын, желі жақсы жұмыс істейді, онда электр энергиясының шығыны аз. Бұл әсіресе асинхронды машиналар үшін маңызды, өйткені олар негізгі тұтынушылар болып табылады және оларды дұрыс пайдалануға бүкіл желінің жұмыс тиімділігі байланысты.

Асинхронды қозғалтқышты таңдау келесі параметрлер мен көрсеткіштер бойынша жүргізіледі:

- серия құрылымы
- ток түріне және кернеуге номиналды;
- номиналды қуаты және номиналды жылдамдығы;
- табиғи механикалық сипаттаманың түрі;
- іске қосу және тежегіш қасиеттері;
- қозғалтқыш және тежегіш жұмыс режимдерінде жылдамдықты реттеу ерекшеліктері;
- үнемділік

Асинхронды қозғалтқышты есептеу жұмыстарына несие Ұлттық банктен одан әрі бірге төлемдер пайызымен несие бойынша алынады. Пайыздық төлем жылдық 12% несие қайтару уақыты 3 жыл.

4.1 Капиталдық салымдар мен материалдық шығындарды есептеу.

Техникалық-экономикалық көрсеткіштерді есептеу екі асинхронды қозғалтқыштардың техникалық деректерін салыстырмалы талдау негізінде жүзеге асырылады. Техникалық пайымдаулар бойынша 4A200L2Y3 базалық типті және 4A200M2Y3 есептік типті қысқа тұйықталған роторы бар асинхронды электрқозғалтқышы қабылданды. Салыстырмалы жүйелердің

электр қозғалтқыштардың техникалық көрсеткіштері 4.1 кестесінде келтірілген.

4.1 кесте - Асинхронды қозғалтқыштардың параметрлері

№	Параметрлері	Базалық нұсқа	Есептік нұсқа
1	Қозғалтқыш типі	4A200L2У3	4A200M2У3
2	Қуаты, кВт	45	37
3	П.Ә.К., %	90	90
4	Айналу жиілігі, айн/мин	3000	3000
5	Бағасы	484000	313160

4.2 кесте - Капиталдық салымдарды есептеу, (базалық нұсқа)

№	Қолданылатын құралдардың атауы:	Бір тауарға кететін баға, тг	Монтаждық және іске қосу салымдары, тг	Тасымалдауға Кететін шығын, тг	Құрылыс жұмыстарының капиталдық салымдары
1	Электр қозғалтқыш	484000	58080	10841,6	5808
2	Статорға арналған қосалқы бөлшектер	33000	3960	739,2	396
3	Роторға арналған қосалқы бөлшектер	24135	2896,2	540,62	286,92
4	Ротордың білігіне керекті қосалқы бөлшектер	6450	774	144,48	77,4
5	Станина мен подшипникті қалқандарға арналған бөлшектер:	31500	3780	705,6	378
6	Конструкциялық бөлшектер	7050	846	157,9	84,6
7	Ротордың тұйықталған сақиналарына арналған бөлшектер:	6300	756	141,12	75,6
	Барлығы	592435	71092,2	13270,52	7106,52

Капиталдық салымдардың жалпы сомасы келесі формула бойынша есептелінеді:

$$K_{\text{жалпы}} = K_{\text{қ,ж}} + K_{\text{ж,с}} + K_{\text{м}} + K_{\text{б,с}}; \quad (4.1)$$

мұндағы: $K_{\text{ж,с}}$ – жабдықты сатып алуға жұмсалатын капиталдық салымдар;

$K_{\text{қ,ж}}$ – құрылыс жұмыстарының капиталдық салымдары;

K_M – монтаждық және іске қосу-жөндеу жұмыстарының капиталдық салымдары;

$K_{б.с}$ – басқа капиталдық салымдар (ең алдымен, тасымалдауға кеткен шығындарды құрайды).

Қозғалтқыштың сатып алу құны: $K_{ж.с} = 484000$ тг;

Монтаждық және іске қосу-жөндеу жұмыстарының құны базалық нұсқа үшін сатып алу құнының 12% мөлшерінде қабылданады.

$$K_M = 0,12 \cdot K_{ж.с} = 0,12 \cdot 484000 = 58080 \text{ тг}; \quad (4.2)$$

Тасымалдауға кететін шығын:

Тасымалдауға кететін шығын электр қозғалтқыш құнының және базалық нұсқа үшін монтаждау жұмыстарының құнының 2% - ын құрайды:

$$K_{б.с} = 0,02 \cdot (K_{ж.с} + K_M) = 0,02 \cdot (484000 + 58080) = 10841,6 \text{ тг}; \quad (4.3)$$

Монтаждық ұйымның құрылыс жұмыстарының капиталдық салымдары базалық нұсқа үшін монтаждық жұмыстар құнының 10% - ын құрайды:

$$K_{қ.ж.} = 0,1 \cdot 58080 = 5808 \text{ тг}; \quad (4.4)$$

$$K_{жалпы} = 592435 + 71092,2 + 13270,52 + 7106,52 = 683904,24 \text{ теңге.}$$

Эксплуатациялық шығындар келесідей есептелінеді:

$$И = И_a + И_э + И_{ж.ж} + И_{е.а} + И_{б.ш} + И_{б.э.с}; \quad (4.5)$$

мұндағы: $И_a$ - амортизациялық аударымдар (сала үшін амортизациялық аударымдар нормасы 5-10%);

$И_э$ – өндірістік қажеттіліктер үшін электр энергиясы шығындарының құны;

$И_{ж.ж}$ – электр құрылғыларының жөндеу жұмыстарының құны;

$И_{е.а}$ - жалпы еңбекақы төлеу қоры;

$И_{б.ш}$ – басқа эксплуатациялық шығындар

$И_{б.э.с}$ – зейнетақы жарнасын жинақтаушы зейнетақы қорына аудару арасындағы айырмасының 11% құрайтын бірыңғай әлеуметтік салық.

1. Амортизациялық аударымды $И_a$ келесі формула бойынша есептелінеді:

$$И_a = \frac{N \cdot \Phi}{100} = \frac{592435 \cdot 9,5}{100} = 56281,33 \text{ тг.} \quad (4.6)$$

мұндағы: N – орташа жылдық норма амортизациясы (9,5%);

Φ – қолданылатын құралдардың толық құны, (592435 тг.).

2. I_3 электр энергиясының шығынының құны мына формуламен анықталады:

$$I_3 = \Delta A \cdot W; \quad (4.7)$$

мұндағы: ΔA – электр энергиясының жылдық шығыны;

W – 1 кВт/сағ энергия тарифы – 17,81 тг;

Жылдық шығын келесі формула бойынша анықталады:

$$\Delta A = P_2 \cdot \frac{1 - \eta}{\eta} \cdot K_{ж} \cdot T = 45 \cdot \frac{1 - 0,9}{0,9} \cdot 0,8 \cdot 2000 = 8000 \frac{\text{кВт}}{\text{сағ}}; \quad (4.8)$$

мұндағы: P_2 – электр қозғалтқышының номиналды қуаты – 45 кВт;

η – электр қозғалтқышының П.Ә.К – 0,9;

$K_{ж}$ – қуат бойынша жүктеме коэффициенті – 0,8;

T – қолданыстағы қор жұмыс уақыты – 2000 сағ.

$$I_3 = 8000 \cdot 17,81 = 142800 \text{ тг.}$$

3. Қызмет көрсетуші қызметкерлердің еңбек ақысы және әлеуметтік салықтарды төлеу:

Қызметкерлердің жылдық еңбек ақысы: $I_{e.a} = 1320000$;

Зейнетақы қорына бөлінгеннен кейінгі еңбек ақы:

$$I_{з.қ.б} = I_{в.а} - 10\% \cdot I_{в.а} = 1320000 - 10\% \cdot 1320000 = 1188000 \text{ тг.} \quad (4.9)$$

Әлеуметтік салыққа бөлінген:

$$I_{б.ә.с} = 11\% \cdot I_{з.қ.б} = 11\% \cdot 1188000 = 130680 \text{ тг.} \quad (4.10)$$

4. Электр жабдықтарына қосымша бөлшектер құны:

4.3 кесте - Қосымша бөлшектер

№	Қосымша бөлшектер	Саны	Құны, тг	Толық құны, тг
1	Бұранда	6	3	18
2	Мойынтірек	2	395	790
3	Тығырық	6	4	24
4	Кілтек	2	23	46
	Барлығы			878

Қосымша бөлшектер толық құны:

$$I_{\kappa} = 878 \text{ тг.} \quad (4.11)$$

5. $I_{\text{ж.ж}}$ электр құрылғыларын жөндеу жұмыстар құны:

Электр құрылғыларының жөндеу жұмыстарының құны $I_{\text{ж.ж}}$ қызмет көрсететін персоналдың еңбек ақысына, әлеуметтік қорларға аударымдарға байланысты:

$$I_{\text{ж.ж}} = I_{\text{е.а}} + I_{\text{б.э.с}} + I_{\text{т.д}} = 1320000 + 130680 + 13200 = 1463880 \text{ тг.} \quad (4.12)$$

мұндағы: $I_{\text{е.а}}$ – еңбек ақысы (1320000 тг);

$I_{\text{б.э.с}}$ - бірыңғай әлеуметтік салық (130680 тг);

$I_{\text{т.д}}$ - тәуекел дәрежесіне байланысты әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар еңбекақы сомасынан 1%.

6. Басқа шығындар $I_{\text{б.ш}}$ мына формуламен анықталады:

$$I_{\text{б.ш}} = 0,05 \cdot (I_{\text{а}} + I_{\text{ш}} + I_{\kappa} + I_{\text{жж}}); \quad (4.13)$$

Сонда:

$$I_{\text{б.ш}} = 0,05 \cdot (56281,33 + 142800 + 837 + 1463880) = 83189,92 \text{ тг.}$$

Эксплуатациялық шығындардың қосындысы:

$$I = 56281,33 + 142800 + 1463880 + 1320000 + 83189,92 + 130680 = 3196831,25 \text{ тг.}$$

4.4 кесте - Шығындар сметасы

№	Шығын көздері	Шығын суммасы, тг
1	Амортизациялық аударым	56281,33
2	Электр энергиясының шығынының құны	142800
3	Электр жабдықтарының қосымша бөлшектер құны	837
4	Электр құрылғыларының жөндеу жұмыстарының құны	1463880
5	Басқа шығындар	83189,92
	Барлығы	1746988,25

4.2 Капиталдық салымдар мен материалдық шығындарды есептеу

Кесте 4.5 - Капиталдық салымдарды есептеу, (есептік нұсқа)

№	Қолданылатын құралдардың атауы:	Бір тауарға кететін баға, тг	Монтаждық және іске қосу салымдары, тг	Тасымалдауға Кететін шығын, тг	Құрылыс жұмыстарының капиталдық салымдары
1	Электр қозғалтқыш	313160	37579,2	7014,784	3757,92
2	Статорға арналған қосалқы бөлшектер	30000	3600	672	360
3	Роторға арналған қосалқы бөлшектер	21000	2520	470,4	252
4	Ротордың білігіне керекті қосалқы бөлшектер	4300	516	96,32	51,6
5	Станина мен подшипникті қалқандарға арналған бөлшектер:	27000	3240	604,8	324
6	Конструкциялық бөлшектер	4000	480	89,6	48
7	Ротордың тұйықталған сақиналарына арналған бөлшектер:	5700	684	127,68	68,4
	Барлығы	405160	48619,2	9075,58	4861,92

Капиталдық салымдардың жалпы сомасы келесі формула бойынша есептелінеді:

$$K_{\text{жалпы}} = K_{\text{қ,ж}} + K_{\text{ж,с}} + K_{\text{м}} + K_{\text{б,с}}; \quad (4.14)$$

мұндағы: $K_{\text{ж,с}}$ – жабдықты сатып алуға жұмсалатын капиталдық салымдар;

$K_{\text{қ,ж}}$ – құрылыс жұмыстарының капиталдық салымдары;

$K_{\text{м}}$ – монтаждық және іске қосу-жөндеу жұмыстарының капиталдық салымдары;

$K_{\text{б,с}}$ – басқа капиталдық салымдар (ең алдымен, тасымалдауға кеткен шығындарды құрайды).

Қозғалтқыштың сатып алу құны: $K_{\text{ж,с}} = 313160$ тг;

Монтаждық және іске қосу-жөндеу жұмыстарының құны базалық нұсқа үшін сатып алу құнының 12% мөлшерінде қабылданады.

$$K_{\text{м}} = 0,12 \cdot K_{\text{ж,с}} = 0,12 \cdot 313160 = 37579,2 \text{ тг.} \quad (4.15)$$

Тасымалдауға кететін шығын:

Тасымалдауға кететін шығын электр қозғалтқыш құнының және базалық нұсқа үшін монтаждау жұмыстарының құнының 2% - ын құрайды:

$$K_{б.с} = 0,02 \cdot (K_{ж.с} + K_m) = 0,02 \cdot (313160 + 37579,2) = 7014,784 \text{ тг}; \quad (4.16)$$

Монтаждық ұйымның құрылыс жұмыстарының капиталдық салымдары базалық нұсқа үшін монтаждық жұмыстар құнының 10% - ын құрайды:

$$K_{қ.ж.} = 0,1 \cdot 37579,2 = 3757,92 \text{ тг}; \quad (4.17)$$

$$K_{жалпы} = 405160 + 48619,2 + 9075,58 + 4861,92 = 467716,7 \text{ теңге.}$$

Эксплуатациялық шығындар келесідей есептелінеді:

$$И = И_a + И_э + И_{ж.ж} + И_{е.а} + И_{б.ш} + И_{б.э.с}; \quad (4.18)$$

мұндағы: $И_a$ - амортизациялық аударымдар (сала үшін амортизациялық аударымдар нормасы 5-10%);

$И_э$ – өндірістік қажеттіліктер үшін электр энергиясы шығындарының құны;

$И_{ж.ж}$ – электр құрылғыларының жөндеу жұмыстарының құны;

$И_{е.а}$ - жалпы еңбекақы төлеу қоры;

$И_{б.ш}$ – басқа эксплуатациялық шығындар

$И_{б.э.с}$ – зейнетақы жарнасын жинақтаушы зейнетақы қорына аудару арасындағы айырмасының 11% құрайтын бірыңғай әлеуметтік салық.

1. Амортизациялық аударымды $И_a$ келесі формула бойынша табылады:

$$И_a = \frac{Н \cdot \Phi}{100} = \frac{405160 \cdot 9,5}{100} = 38490,2 \text{ тг.} \quad (4.19)$$

мұндағы: $Н$ – орташа жылдық норма амортизациясы (9,5%);

Φ – қолданылатын құралдардың толық құны, (405160 тг.).

2. $И_э$ электр энергиясының шығынының құны мына формуламен анықталады:

$$И_э = \Delta A \cdot W; \quad (4.20)$$

мұндағы: ΔA – электр энергиясының жылдық шығыны;

W – 1 кВт/сағ энергия тарифы – 17,81 тг;

Жылдық шығын келесі формула бойынша анықталады:

$$\Delta A = P_2 \cdot \frac{1 - \eta}{\eta} \cdot K_{ж} \cdot T = 37 \cdot \frac{1 - 0,9}{0,9} \cdot 0,8 \cdot 2000 = 6577,78 \frac{\text{кВт}}{\text{сағ}}; \quad (4.21)$$

мұндағы: P_2 – электр қозғалтқышының номиналды қуаты – 37 кВт;
 η – электр қозғалтқышының П.Ә.К – 0,9;
 $K_{ж}$ – қуат бойынша жүктеме коэффициенті – 0,8;
 T – қолданыстағы қор жұмыс уақыты – 2000 сағ.

$$I_3 = 6577,78 \cdot 17,81 = 117150,26 \text{ тг.}$$

3. Қызмет көрсетуші қызметкерлердің еңбекақысы және әлеуметтік салықтарды төлеу:

Қызметкерлердің жылдық еңбек ақысы: $I_{е.а} = 1320000$;

Зейнетақы қорына бөлінгеннен кейінгі еңбек ақы:

$$I_{з.қ.б} = I_{е.а} - 10\% \cdot I_{е.а} = 1320000 - 10\% \cdot 1320000 = 1188000 \text{ тг.} \quad (4.22)$$

Әлеуметтік салыққа бөлінген:

$$I_{б.ә.с} = 11\% \cdot I_{з.қ.б} = 11\% \cdot 1188000 = 130680 \text{ тг.} \quad (4.23)$$

4. Электр жабдықтарына қосымша бөлшектер құны:

4.6 кесте - Қосымша бөлшектер

№	Қосымша бөлшектер	Саны	Құны, тг	Толық құны, тг
1	Бұранда	6	3	18
2	Мойынтірек	2	395	790
3	Тығырық	6	4	24
4	Кілтек	2	23	46
Барлығы				878

Қосымша бөлшектер толық құны:

$$I_{қ} = 878 \text{ тг.} \quad (4.24)$$

5. $I_{ж.ж}$ электр құрылғыларын жөндеу жұмыстар құны:

Электр құрылғыларының жөндеу жұмыстарының құны $I_{ж.ж}$ қызмет көрсететін персоналдың жалақысына, әлеуметтік қорларға аударымдар аударымдарға байланысты:

$$I_{ж.ж} = I_{е.а} + I_{б.ә.с} + I_{т.д} = 1320000 + 130680 + 13200 = 1463880 \text{ тг.} \quad (4.25)$$

мұндағы: $I_{e.a}$ – еңбек ақысы, (1320000);

$I_{б.э.с}$ - бірыңғай әлеуметтік салық (130680 тг.).

$I_{т.д}$ - тәуекел дәрежесіне байланысты әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар жалақы сомасынан 1%.

6. Басқа шығындар $I_{б.ш}$ мына формуламен анықталады:

$$I_{б.ш} = 0,05 \cdot (I_a + I_э + I_k + I_{жж}); \quad (4.26)$$

Сонда:

$$I_{б.ш} = 0,05 \cdot (38490,2 + 117150,26 + 837 + 1463880) = 81017,873 \text{ тг.}$$

Эксплуатациялық шығындардың қосындысы:

$$И = 38490,2 + 117150,26 + 1463880 + 1320000 + 81017,873 + 130680 = 3151218,33 \text{ тг.}$$

4.7 кесте - Шығындар сметасы

№	Шығын көздері	Шығын суммасы, тг
1	Амортизациялық аударым	38490,2
2	Электр энергиясының шығынының құны	117150,26
3	Электр жабдықтарының қосымша бөлшектер құны	837
4	Электр құрылғыларының жөндеу жұмыстарының құны	1463880
5	Басқа шығындар	81017,873
	Барлығы	1701375,273

4.3 Жобаның экономикалық тиімділігіне есептеу

Екі нұсқаны салыстыру үшін минимум келтірілген шығындар әдісі қолданылады.

Келтірілген шығындар мынадан тұрады:

$$КШ = С + E_H \cdot K; \quad (4.27)$$

мұндағы: C – эксплуатационды шығындардың қосындысы (теңге);

K – капиталды салым;

E_H – капиталды салымдардың экономикалық тиімділігін салыстыратын нормативті коэффициент ($E_H = 0,15$)

$$КШ_с = 3196831,25 + 0,15 \cdot 683904,24 = 3299416,886 \text{ тг.}$$

$$КШ_е = 3151218,33 + 0,15 \cdot 467716,7 = 3221375,835 \text{ тг.}$$

Есептеулерді салыстыра отыра есептік нұсқаның тиімділігі көрінеді.

Экономикалық тиімділігі екі нұсқаны салыстыру жолымен анықталады: бастапқы және есептік нұсқа:

$$\Delta = \text{КШ}_6 - \text{КШ}_e = 3299416,886 - 3221375,835 = 78041,051 \text{ тг.} \quad (4.28)$$

мұндағы: КШ_6 – базалық нұсқа бойынша келтірілген шығындар, теңге;
 КШ_e – есептік нұсқасы бойынша келтірілген шығындар, теңге.

Екінші нұсқадағы экономикалық тиімділік тең:

$$\Delta = \Delta U + 0,15 \cdot \Delta K; \quad (4.29)$$

$$\begin{aligned} \Delta &= (3196831,25 - 3151218,33) + 0,15 \cdot (683904,24 - 467716,7) \\ &= 45612,92 + 0,15 \cdot 216187,54 = 78041,051 \text{ тг.} \end{aligned}$$

Ұсынылатын нұсқаның тиімділігін өзін-өзі ақтау мерзімін және салыстырмалы экономикалық тиімділік коэффициентін есептеу арқылы анықтауға болады, ол келесі формулалар бойынша анықталады:

$$T = \frac{K_6 - K_e}{I_6 - I_e} = \frac{683904,24 - 467716,7}{3196831,25 - 3151218,33} = 4,7. \quad (4.30)$$

мұндағы: K_6 және K_e – базалық және есептік қозғалтқыштың капиталдық салымдары;

I_6 және I_e – эксплуатациялық шығындардың қосындысы.

Салыстырмалы экономикалық тиімділік:

$$E = \frac{I_6 - I_e}{K_6 - K_e} = \frac{3196831,25 - 3151218,33}{683904,24 - 467716,7} = 0,21. \quad 4.31$$

$E_H = 0,15$ - тиімділіктің нормативтік коэффициенті;

$T_H = 6,6$ - өтімділіктің нормативтік мерзімі.

Алынған коэффициентінің тиімділігі мен өтелу мерзімін салыстырылады нормативтермен және егер шарттары орындалса, $E \geq E_H$, $0,21 \geq 0,15$; $T \leq T_H$, $4,7 \leq 6,6$ болса, онда енгізу ұсынылып отырған жүйенің экономикалық тиімді.

Қорытынды

Бұл дипломдық жұмыста қуаты 37 кВт қысқаша тұйықталған роторлы асинхронды қозғалтқыш есептелінді. Базалық модель ретінде 4А сериялы асинхронды қозғалтқыштардың конструкциясы таңдалды. Технологиялық бөлімде асинхронды қозғалтқыштың жұмыс істеу принципі мен асинхронды қозғалтқыштың заманауи сериялары жайлы түсініктеме берілді. Конструкциялық бөлімде асинхронды қозғалтқыштың есептеу нәтижесінде берілген қуат бойынша негізгі көрсеткіштер алынды. Қозғалтқышты есептеу басында ұсынылған шектерге кіретін A және B_{δ} электромагниттік жүктемелердің мәндері алынды. Машинаның өлшемдері ғана емес, сонымен бірге оның сипаттамалары да электромагниттік жүктемелерге байланысты болады. Статорды орау үшін диаметрі $d_{ок} = 1,24$ мм; ПЭТМ сымының маркасы пайдаланылады, толтыру коэффициенті механикаландырылған төсеуге сәйкес келеді. Сонымен қоса магнит тізбектеріне есептеулер жүргізілді. Жұмыс сипаттамаларын есептеу кезінде қозғалтқышпен тұтынылатын статор мен қуат орамасының номиналды тогының нақтыланған мәндері алынды. Іске қосу сипаттамаларының есебінде іске қосу тогының мәні тапсырмаға сәйкес рұқсат етілген шектерде болды, ал іске қосу моментінің мәні рұқсат етілген шектерден асып түсті. Есептеу нәтижесінде қозғалтқыштың сипаттамалары бойынша графиктер тұрғызылды.

Өмір тіршілік қауіпсіздік бөлімінде келесі сұрақтар қамтылған: жалпы гигиеналық талаптар, электр қауіпсіздігі жұмыс орнындағы жарықтандыру, ауа кондиционерлеудің есептеу жүйесі.

Экономикалық бөлімде салыстырмалы экономикалық тиімділік есептеу нәтижесінде базалық қозғалтқыштың алдында есептік қозғалтқыштың тиімділігі көрінді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Р.М. Шидерова, А.Н. Бестерекова, Э.Б. Даркенбаева. Электр машиналары. Қысқа тұйықталған роторлы асинхронды қозғалтқыштар (Орамаларды және геометриялық өлшемдерді есептеу). Курстық жұмысты орындауға арналған әдістемелік нұсқау (5В071800 – Электроэнергетика мамандығының студенттеріне арналған). – Алматы: АЭЖБУ, 2014. – 35 бет.
- 2 Р.М. Шидерова, А.Н. Бестерекова, Э.Б. Даркенбаева. Электр машиналары. Қысқа тұйықталған роторлы асинхронды қозғалтқыштар (параметрлерін және жұмыс сипаттамаларын есептеу). Курстық жұмысты орындауға арналған әдістемелік нұсқау (5В071800 – Электр энергетикасы мамандығының студенттеріне арналған). – Алматы: АЭЖБУ, 2014. – 25 бет.
- 3 Гольдберг О.Д. Проектирование электрических машин: Учебник для вузов / О.Д. Гольдберг, Я.С. Гурин, И.С. Свириденко; Под ред. О.Д. Гольдберга. – М.: Высшая школа., 2001- 430 с.
- 4 Копылов И.П. Математическое моделирование электрических машин: Учеб для вузов. М.: Высшая школа, 2001, - 327 с.
- 5 Иванов-Смоленский А.В. Электрические машины. Учебник для вузов. – М.: Высшая школа, 2006. – 930 с.
- 6 Копылов И.П. Проектирование электрических машин. – М.: Высшая школа, 2002 -757 с.
- 7 Гольдберг О.Д., Хелемская С.П. Надежность электрических машин: учебник для студентов вузов. – М.: Издательский центр «Академия», 2010 – 288 с.
- 8 Макаров Л.Н. Совершенствование серийных асинхронных машин в условиях массового производства // Электричество. 2005. - №7. – С. 6269.
- 9 Чернышёв А.Ю., Чернышев И.А. Расчёт характеристик электропривода переменного тока. Часть 17 – Асинхронный двигатель: Учебное пособие. – Томск: Издательство ТПУ, 2005.
- 10 Лихачев В.Л. Справочник обмотчика асинхронных электродвигателей / В.Л. Лихачев. – Москва: СОЛОН-ПРЕСС, 2008. – 239 с.
- 11 Абдимуратов Ж.С., Мананбаева С.Е. Безопасность жизнедеятельности. Методические указания к выполнению раздела «Расчет производственного освещения» в выпускных работах для всех специальностей. Бакалавриат – Алматы: АИЭС, 2009. – 20 с.
- 12 Дюсебаев М.К. Безопасность жизнедеятельности Методические указания к выполнению раздела в дипломных проектов для студентов всех форм обучения. – Алматы, 2003.
- 13 Хакимжанов Т.Е. Сборник задач по охране труда и безопасности жизнедеятельности: Учеб. Пособие для вузов, Алматы: Эверо, 2007 г. – 88 с.
- 14 Общие требования к построению, изложению, оформлению и содержанию учебно-методических и учебных работ, СТ НАО 56023-1910-04-2014 – Алматы, 2014.

15 Хакон Скистад (редактор) Элизабет Мундт, Питер Нильсен и др. Вытесняющая вентиляция в непроизводственных зданиях / Пер. С англ. М.: АВОК-ПРЕСС., 2006 г. – 88 с.

16 Жакупов А.А., Валиева Л.Ш. Дипломдық жобаларда экономикалық бөлімін орындау: 5В071800 – Электр энергетикасы мамандығы студенттеріне арналған экономика бөлімін орындауға әдістемелік нұсқаулықтар. – Алматы: АЭЖБУ, 2015. – 34 б.

17 А.Ю. Голубина, Экономика отрасли. Методические указания к выполнению экономической части выпускной работы для студентов специальности 5В0718 – Электроэнергетика. – Алматы: АИЭС, 2010. – 15 с.

18 Б.И.Түзелбаев, А.А. Жакупов Экономика, өндірісті ұйымдастыру және басқару. Бітірушілер жұмысының экономикалық бөлімін орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар электр энергетикасы бағыты бойынша оқитын бакалаврлар үшін. – Алматы: АЭЖБИ, 2010 ж. – 23б.

19 Самсонов В.С., Вяткин М.А. Экономика предприятий энергетического комплекса: Учеб. Для вузов. – 2-е изд. М.: Высшая школа., 2003. -384 с.

20 Экономика и управление в энергетике. Учебное пособие. Под ред. Кожевникова. – М., 2003.